

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ АННОТАЦИЯСЫ

Дисертант: Алтынбекова Элина Қырымқызы

Тақырыбы: Музейлік реконструкцияның отандық моделі: әдістері мен тәжірибе

8D02207 – музей ісі және ескерткіштерді қорғау

Диссертациялық жұмыс музейлік аспектідегі ғылыми реконструкцияның тарихын, тәжірибесін, дайындау әдісін, жасалуын және экспозициялануын зерттеуге арналған. Жұмыс Қазақстан музейлерінің тәжірибесінде қолданылатын ғылыми-тарихи реконструкцияларды жасау әдістері мен тәсілдерін жүйелеу және жинақтауға мүмкіндік береді. Музей келушілеріне артефактілердің көрнекілігін көрсету мақсатында реконструкция құралдары мен әдістерін қолданудың маңыздылығы және мүмкіндігі қарастырылады. Музейлік реконструкция жасаудың негізгі қағидаттары ретінде нақтылық пен айқындық ерекшеленеді. Зерттеу ғылыми-практикалық маңызға ие.

Жұмыс 1973 жылдан бастап, яғни «Алтын адам» реконструкциясының жасалуынан бүгінгі күнге дейінгі отандық ғылыми реконструкция тәжірибесіне сүйенеді. Шетелдік реставраторлар мен музейтанушылардың ғылыми еңбектеріне сүйене отырып, әлем музейлерінде сұранысқа ие қазіргі заманғы реконструкцияларды жасау тарихы мен әдістемелерін салыстырмалы талдау жүргізілді. Диссертация шетелдік тәжірибелерге сүйене отырып «Қырым Аралы» ғылыми-қалпына келтіру зертханасында (Алматы қ.) жүргізілген жұмыстарға, сондай-ақ автордың жеке тәжірибесінің нәтижесі бойынша жүргізілді.

Реконструкция археологияның басты, әрі маңызды міндеттерінің бірі болып табылады, себебі өткен кезеңдердің материалдық мәдени мұраларын қайта қалпына келтіре отырып, біз оларды қабылдауға және түсіндіруге мүмкіндік береміз.

Аталмыш жұмыстың өзектілігі Қазақстанның мәдени мұрасын артефактілердің төмен сақталу деңгейіне қарамастан сапалы таныстыру қажеттілігімен байланысты, экспозицияға қойылмаған археологиялық олжалардың көптігі, сондай-ақ 30 жылдан астам тәуелсіздік кезеңінде ұлттық тарихты ұғыну және насихаттау қажеттілігі сияқты факторлармен негізделеді.

Археологиялық материалдардың сақталу жағдайында елдің мәдени мұрасын жан-жақты таныстыру мен насихаттау қажеттілігі туындады, сондай-ақ музейлік реконструкция тәжірибесін зерделеуге деген сұраныс артты, бұл өз кезегінде «Рухани жаңғыру», «Туған жер» бағдарламалары мен «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласы аясында патриотизмді нығайтуға ықпал етеді. Кешенді ғылыми-реставрациялық жұмыс нормативтік құжаттар мен мақсатты бағдарламаларға сүйенеді.

Автордың реконструкция және музейлендіру саласындағы мол тәжірибесі тарихи нысандарды ғылыми тұрғыдан негізделген түрде қайта жасауға, тиімді тәсілдерді ұсынуға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты музейлік реконструкцияны тарихи-мәдени мұраны таныстыру әдісі ретінде қолдану мүмкіндіктерін, оның жасалу қағидаттарын айқындау және реконструкцияны ғылыми бағыт ретінде зерттеу – отандық және шетелдік тәжірибе негізінде қарастыру.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасының ерекшеліктерін, оның сақталу жағдайларын және музей аудиториясының қажеттіліктерін ескере отырып, музейлік реконструкция жасаудың отандық әдісі мен қағидаттарын анықтау.

Зерттеу нысаны музейлік экспозициялар үшін отандық мамандар жасаған заттық ғылыми-тарихи реконструкциялар.

Зерттеу пәні Қазақстан Республикасындағы шынайы заттық ғылыми-тарихи реконструкцияларды жасау принциптері, мұндай реконструкцияларды әзірлеу, жасау және көрсету тәсілдері, сондай-ақ олардың музей келушілеріне беретін әсері.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Қазіргі уақытта отандық тәжірибеде реконструкцияларды жасау және қолдану мәселелеріне қатысты терең ғылыми зерттеулер жеткіліксіз. Тек бірнеше зерттеушілер мен реконструкцияларды жасаушылар ғана реконструкцияларды жасау әдістері мен практикаларын сипаттау және ғылыми тұрғыдан негіздеу мәселелеріне көңіл бөледі. Олардың ішінде: Есік жауынгерінің («Алтын адам») алғашқы реконструкциясын жасаған К.А. Ақышев пен В.И. Садомсков; қару-жарақтың графикалық реконструкциясымен айналысатын А.С. Қалиолла; Э.Р. Усманова өз командасымен бірге қола дәуіріндегі әйелдер киімінің бірнеше заттық кешенін жасап шығарған; арбалар реконструкциясын жасаған В.А. Новоженков; киім, қару-жарақ және ат әбзелдерінің сериясын әзірлеп, жасаған К.Алтынбеков. Шетелде жағдай біршама жақсырақ – реконструкция жұмыстарының процесі мен нәтижелерін жан-жақты негіздейтін ғылыми жарияланымдардың саны көп. Оған мысал: Эгтвед (Egtved) қыздарының киімін реконструкциялаған И.Демант (I. Demant); В. Бишофтың (V. Bischoff) жетекшілігімен жұмыс істеген дат зерттеушілер тобы Роскилле (Roskilde) қаласындағы викингтер кемелерін зерттеп, қайта қалпына келтірген; Галикарнас храмының түстік шешімін реконструкциялау бойынша жұмыс істеген Г. Айтепе (G. AYTEPE) және А. Баран (A. Baran); ежелгі мысыр кемелерін реконструкциялаған П.П. Крисман (P.P. Creasman); М. Вагнердің (M. Wagner) жетекшілігімен халықаралық зерттеушілер тобы Тарим алабындағы шұраттарды зерттеп, қайта қалпына келтіруге бірнеше жылын арнаған және басқа да зерттеушілер тек қайта қалпына келтіріп қана қоймай, реконструкция әдістерін егжей-тегжейлі сипаттауда. Дегенмен, бұл зерттеулерге әлі күнге дейін жеткілікті деңгейде назар аударылмайды. Қазіргі таңда Қазақстанда да, шетелде де реконструкция тақырыбына қатысты ғылыми зерттеулер мен жарияланымдар көбіне жекелеген болып келеді, жүйелі зерттеулер жоқ.

Зерттеудің негізгі нәтижелері Қазақстан музейлерінің тәжірибесінде қолданылатын ғылыми-тарихи реконструкцияларды жасау әдістері мен

тәсілдерін жүйелеу және жинақтау. Ғылыми реконструкцияның негізгі қағидаттары айқындалды: нақтылық пен айқындық. Музейлік ортада артефактілерді түсіндіру әдісі ретінде реконструкцияға ерекше назар аударылды. Дайын реконструкцияның нақтылығы мен айқындығының мақсаттары мен қағидаттарына жауап беретін негізгі кезеңдері анықталды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы реконструкциялармен жұмыс істегенде, оларды өндегенде, жасағанда және музейлендіру кезінде ғылыми-әдістемелік құрал ретінде қолдану мүмкіндігінде. Бұл тарихи-мәдени мұраны қабылдаудың деңгейін арттыру және ұлттық тарихқа деген тереңірек қызығушылық қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Музейлік реконструкцияның қалыптасу ретроспективасы тұрғысынан **теориялық аспектілері талданды**. Музей ісінде әртүрлі мағынада түсіндірілетін және айтылатын ұғымдардың кездесетіні атап өтілді, бұл мамандар арасында өзара түсініспеушіліктерге әкеледі. Мұндай терминдердің бірі – «реконструкция», оның ішінде «музейлік реконструкция» және оның түрлері. Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңының 32-бабы, 1-тармағына сәйкес, жаңғырту (реконструкция) ғылыми зерттеулермен, консервация және реставрациямен қатар тарихи және мәдени ескерткіштерде ғылыми-реставрациялық жұмыстар кешеніне кіреді.

Музейлік реконструкция ұғымының дамуы XIX-XX ғасырлар тоғысында көрсетілді, сол кезде бұл термин белгілі бір дәуірдің рухын елестететін қайта қалпына келтірілген бөлмелерге қатысты қолданылған. Мұндай тәсілді Ю.Э. Озаровский, Н. Ашукин, М.Д. Приселков қолданған. Ал XX ғасыр – XXI ғасырдың басында графикалық реконструкцияға, оның ішінде жауынгерлердің қару-жарақ және киім кешектеріне қатысты қолданылған, оны бірнеше мамандар, оның ішінде М.В. Горелик, Ю.С. Худяков, В.В. Горбунов, Д.В. Поздняков, Л.А. Бобров, Ю.А. Филиппович және басқалар тәжірибе жүзінде қолданған. Ақырындап көркемдік реконструкциядан заттық реконструкция бөлініп шығып, оған киім, қару-жарақ, түрлі ғұрыптық және тұрмыстық заттар, құрылыс нысандары, көлік құралдары, кемелер және т.б. кіреді.

Отандық реконструкцияда маңызды оқиға Ессік қорғанында 1969–1970 жылдары К.А. Ақышев пен Б.Н. Нұрмұханбетов жүргізген зерттеулер бойынша жасалған сақ жауынгерінің – «Алтын адам» ғылыми-тарихи заттық реконструкциясының пайда болуы болды. Бұл жобаның авторлары археолог К.А. Ақышев пен реставратор В.И. Садомсков. Отандық реконструкцияның тарихын хронологиялық тұрғыдан екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең – К.А. Ақышев пен В.И. Садомсковтың реконструкциясы. Екінші кезең Қазақстанның тәуелсіздігін алуымен басталып, Стратегиялық мемлекеттік және өңірлік бағдарламалармен байланысты. Реконструкция жұмыстарына деген жаңа қызығушылық отандық археология ғылымының жетістіктерімен қатар дамыды. Ежелгі қорғандар мен қоныстарды қазу кезінде табылған бай қазыналар тарихи бейнелерді дәлірек жасауға мүмкіндік берді және оларды музей келушілеріне

ұсынуға жағдай жасайды. Жұмыста реконструкцияның әртүрлі түрлері, оған жақын ұғымдар мен классификацияның бар мысалдары қарастырылады.

Музейлік реконструкцияның музеологиядағы орны талданды. Ұзақ уақыт бойы реконструкция процесі ғылыми танымның бір бөлігі ретінде мүлде қабылданбай, тек қана экспозициялық кеңістікті модельдеудің бір түрі ретінде қарастырылды. Алайда соңғы жылдары әлем бойынша реконструкторлардың жан айқайы естіліп отыр. Бұл жұмыстың маңыздылығын, күрделілігін және ғылыми тұрғыдан ауыртпалығын, сондай-ақ оның терең көпсалалығын түсінген реконструкторлар реконструкцияны әзірлеу және жасау процесінің айтарлықтай зерттеу әсерін тигізетінін атап өтуде.

Музейлік реконструкцияны әзірлеу және жасау методологиясы, оның мақсаттары мен принциптері қарастырылған. Ғылыми заттық реконструкцияның мағынасы бар екі негізгі принцип бөлініп көрсетілген: сенімділік және айқындылық.

Мысалы, адам киімі мен атрибуттарын реконструкциялау үшін келесі мәліметтер қажет: жынысы, жасы, шамамен бойы, киім ансамблінің құрамы, киім бөлшектерінің ұзындығы, мата (құрамы, өрнегі, түсі), бұйымдардың материалы, бекіту тәсілі, киімнің безендірілуі (қосымшалар, кесте, аппликациялар, бояу және т.б.), шаш үлгісі, бас киім (бар-жоғы, мөлшері, пішіні, құрамы, символикасы), қоршаған орта, мәртебесі, қызмет түрі, табиғи-климаттық жағдайлар және т.б. Мұндай мәліметтерді алу тек терең және мұқият көпсалалы зерттеу арқылы мүмкін болады, оған антропологиялық зерттеулер, микроскопиялық талдау, элементтік құрамды зерттеу, материалдардың технологиялық зерттеулері, спектрлік талдау, рентгенографиялық зерттеу, синхронды ескерткіштерді зерттеу және талдау, аналогияларды іздеу, символиканы зерттеу және тағы басқа кіреді. Аталған көптеген зерттеулер консервация және реставрация жұмыстарын жүргізу кезінде жеткіліксіз сақталған артефактерлермен жүзеге асырылады.

Көрнекілік принципін қамтамасыз ету үшін зерттеуші композиция заңдарына, көркемдік көзқарасқа, педагогикалық міндеттерге, қабылдау психологиясына, жарықтандыру ерекшеліктеріне және басқа да көптеген салалар мен деректерге жүгінеді, ең алдымен – экспозицияның мақсаттары мен міндеттеріне бейімделеді.

Мүсіннің кейіпін таңдаудың маңызы ерекше, себебі оның үстінде киім, қару-жарақ және т.б. реконструкциясы көрсетіледі. Кейіпі әр жағдайда жеке таңдалатыны ескерілсе, реконструкцияның негізі ретінде ешқандай эмоциялар мен әрекеттерді көрсетпейтін дайын манекен қолданылмауы тиіс. Кейіп арнайы әзірленуі керек, және оның негізінде тәжірибелі мүсіншілермен бірге жеке мүсін жасалуы тиіс.

Реконструкцияны жасау кезінде қолданылатын материалдарды таңдауға да ерекше назар аударылады – олардың фактурасы, түсі, текстурасы, өрнектері және тіпті қалыңдығы, көзбен көріп, қолмен сезуге болатын барлық нәрселер – шынайы реконструкция үшін маңызды.

Ғылыми реконструкцияның музейлік экспозициядағы рөлі мен орны. Реконструкцияны экспозициялық-музейлік мәтіннің, нарративтің, экспозиция арқылы баяндаудың бір бөлігі ретінде қолдану арқылы келушілердің экспозицияға салынған ойды түсінуін, қойылған мәселені назарға алуын қамтамасыз етуге болады. Автор үшін реконструкцияны экспозициялық мәтіннің маңызды элементі ретінде пайдалану маңызды, себебі ол ешнәрсе болмаса да, түпнұсқа артефактіге немесе олардың кешеніне назар аудартып, қызығушылық туғызып, жартылай шіріген олжаларды көрсетуге мүмкіндік береді.

Қорытынды. Реконструкция ең алдымен археологиялық кешенді түсіну, түсіндіру және көрсету құралы ретінде көрінеді, себебі отандық және шетелдік ғылымда археологиялық артефактілер музейлік түсіндіру мен қайта қалпына келтіруді қажет етеді.

Зерттеу барысында автор музейлік реконструкция туралы өз анықтамасын ұсынды:

Музейлік реконструкция – бұл толық немесе ішінара жоғалған затты немесе кешенді ғылыми тұрғыдан негізделген қайта қалпына келтіру, ол сенімділік және айқындылық принциптеріне жауап береді, сондай-ақ осы жұмыстың нәтижесі.

Дайын реконструкцияның мақсаттарына, сенімділік және айқындылық принциптеріне сәйкес келетін негізгі кезеңдер бөлініп көрсетілді:

- түпнұсқамен өзара әрекеттесу;
- түпнұсқа археологиялық табылған олжаларды консервациялау және реставрациялау;
- түпнұсқа археологиялық табылған олжаларды зерттеуде қолданылатын жаратылыстану ғылымдарының әдістері;
- аналогиялар мен синхронды ескерткіштерді зерттеу;
- семантиканы зерттеу;
- реконструкция үшін материалдарды таңдау;
- мүсіннің кейпін таңдау;
- материалдарды жинақтау;
- тіршілік ортасын жасау

Тақырыпты одан әрі зерттеудің маңыздылығы реконструкция принциптерін күшейтуге бағытталған – сенімділік және айқындылық.

Заттық ғылыми-тарихи реконструкцияның әдістері мен тәжірибелерін зерттеу өте өзекті, себебі маңызды тарихи-мәдени ескерткіштерді қайта қалпына келтіру ұлттық мұраның маңызды бөлігі болып саналады.

Қорытындыда Қазақстан Республикасында ғылыми реставрация мен реконструкцияны одан әрі жетілдіру үшін бірнеше ұсыныстар жасалды.